

**ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ЖӨНІНДЕ  
ЕСЕП**

1) Такырыбы: «Мақта егістігінде мақта көбелегіне қарсы биологиялық әдіспен күресу»

**Бағыты: «Мақта шаруашылығы»**

**Откізу күні: «12» шілде 2023 ж.**

**Кеңес откізу орны: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жана ауыл а/о, Үйнтымақ ауылы, «Мақсат-Ж» ШК**

Эксперт:

  
(қолы)

**Жұзбаев М.Ж.**

**«Мақсат-Ж» ШК -ның  
жетекшісі**

**Кадырбекова З. У.**

**«Ж. Жиембаев  
атындағы  
ҚазӘҚжК ҒЗИ» ЖШС  
Басқарма төрағасы**

**Дүйсембеков Б.А.**



## **Есеп құрылымы**

**2) Кеңес беруді қажет ететін мәселелер;** Мақта егістігінде мақта көбелегіне қарсы биологиялық әдіспен күресу.

*Қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары;* Түркістан облысында ауыл шаруашылығы дақылдарының ішінен мақтаны көбірек өсіреді, себебі топырақ-климаттық жағдайы өсіруге қолайлыш. Мақта дақылының негізгі зиянкесі мақта көбелегі болып саналады. Шаруашылықтар жаз бойы осы зиянкеспен күресуде. Қазіргі таңда мақта көбелегіне қарсы биологиялық әдістер (энтомофагтар, биопрепараттар) көп қолданылады. Мақта дақылының шанақтану, гүлдену, жеміс түзілуінің басталуы, жаппай жеміс түзілуі және жеміс пісуінің басталуы кезеңдерінде мақта күйе көбелегінің жұмыртқаларына қарсы трихограмма  $60+80+60=200$  мың даражада немесе  $0,75+1,0+0,75=3,0$  грамм/га 3-4 күн аралығымен әр кезеңге 3 қайтара жібереді. Сонымен қатар, браконды гектарына 250 дарақ 2-3 қайтара жібереді. Зияндылықтың экономикалық шегі 100 өсімдікте/9-11 жұмыртқа немесе жұлдызқұрт. Егер ЭЗШ-нен асқан жағдайда міндетті түрде биопрепараттармен өндеу қажет. Мақта күйе көбелегімен күресуге арналған заманауи биологиялық препараттар патогендік микроорганизмдер мен жәндіктердің дамуы мен пайда болуына жол бермей, егінді сай және табиғи түрде сақтай алады, бірақ дұрыс нәтиже алу үшін шаруашылықтар мына препараттарды қалай қолдану керектігін білуі керек: Греен Голд, 0,3% мас.э. - 0,75 л/га, Битоксибациллин, сух.п.,- 3,0-4,0 л/га, Лепидоцид, к.т. - 1,0-1,2 л/га. Биологиялық қоспалар су суспензиясы түрінде қолданылады. Суспензияны дайындау үшін препараттың қажетті мөлшері алдымен аз мөлшерде суға араластырылады, содан кейін су қажетті көлемге қосылады. Өсімдіктерді биологиялық препараттармен соңғы өндеу егін жинауға дейін 10-15 күннен кешіктірілмей жүргізуі керек. Өсімдіктің гүлденуі кезінде бұрку ұсынылмайды.

**3) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділіктердің құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтижесе және т. б.;**

Мақта егістігінде мақта көбелегіне қарсы биологиялық әдіспен күресу шараларын уақтылы орындаған жағдайда тауардың өнімділігін 70-80% жоғары алуға мүмкіндігі болады.

4) Кеңес беру фотосуреті



**ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ЖӨНІНДЕ  
ЕСЕП**

**Тақырыбы:** «Мақта егістігіндегі макта көбелегіне қарсы химиялық және биологиялық препараттармен күресу».

**Бағыты:** «Мақта шаруашылығы»

**Откізу күні:** «25» тамыз 2023 жыл

**Кеңес өткізу орны:** Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жана ауыл а/о, Ынтымак ауылы, «Қайрат» ШК

**Эксперт:**

Жұзбаев М.Ж.

«Қайрат»  
жетекшісі

«Ж. Жиенбаев  
атындағы  
ҚазЭҚЖК ҒЗИ» ЖШС  
Басқарма төрағасы



Жұзбаев, М.О.  
(колы)

Саттаров О.



Дүйсембеков Б.А.

## **Есеп құрылымы**

*3) Кеңес беруді қажет ететін мәселелер; Мақта егістігіндегі мақта көбелегіне қарсы химиялық және биологиялық препараттармен күресу.*

*4) Қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары;*

Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізімі: мақта көбелегіне қарсы қолданылатын химиялық препараттар - Абалон, 1,8% к.э. - 0,4-0,5 л/га, Авант, к.э. -0,4 л/га, Барин, к.э.- 0,4-0,5 л/га, Белт, к.с.- 0,15 л/га, Герольд, в.с.к.-0,2 л/га, Гринда, р.п. 0,25-0,35 л/га, Далатә, 5 % к.э.-0,5 л/га, Дессенлин, 48% с.к.-0,1 л/га, Децис Эксперт,к.э. - 0,175 л/га, Димилин, 48% с.к.-0,1 л/га, Динамит, 48% с.к.-0,1 л/га, Достық, в.д.г. - 0,25-0,35 кг/га, Елнур-Д, к.э.-1,5 л/га, Золон, к.э. 2,5-3,0 л/га, Карат Супер, к.э.-0,25 л/га, Каратә 050, к.э.-0,5 л/га, Каратә Зеон 050, с.к.- 0,2-0,3 л/га, Кардинал, к.э.-1,5 л/га, Комбат 550, к.э.-1,5 л/га, Конфидор Экстра, в.д.г. - 0,25л/га, Кораген, к.с.-0,15-0,2 л/га, Коралл Д, к.э.-1,5 л/га, Нурелл Д, к.э.-1,5 л/га, Пикет, к.э.-0,3 л/га, Ронфос, к.э.-0,5-0,7 л/га, Самбо 315,-1,0 л/га, Фастак, 10% к.э-0,3 л/га. Биологиялық препараттар: Греен Голд, 0,3% мас.э. - 0,75 л/га, Битоксибациллин, сух.п.,- 3,0-4,0 л/га, Лепидоцид, к.т. - 1,0-1,2 л/га.

Химиялық препараттар жарамдылық мерзімі ұзақ және препараттарды тұтыну нормасы төмен, ал химиялық заттарды сатып алу және пайдалану шығындары тез акталып, ауыл шаруашылығы дақылдарына жоғары өнім береді. Дегенмен, барлық артықшылықтарға қарамастан, химиялық қорғаныс құралдарының кемшіліктері бар. Олар табигатты ластайды, топырақтың құнарлығын төмендетеді және адам ағзасына зиян келтіреді. Сондықтан, барынша биологиялық препараттарды қолданылған жөн.

*5) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӘК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтижеле және т. б.;*

Мақта егістігіндегі мақта көбелегіне қарсы химиялық және биологиялық препараттармен күресу шараларын дұрыс және уақытылы қолдану арқылы экономикалық тиімділігі 20-30% артады және тауардың өнімділігін 80-85 % жоғарылатуға мүмкіндік бар.

4) Кеңес беру фотосуреті

